



Бұйрық

Приказ

030900 Ақтөбе облысы,Ойыл ауданы,
Амангелді ауылы,Бейбітшілік көшесі, 25үй
тел:8(71332)73-4-90

030900, Актобинская область, Уилский район,
село Амангельды, ул. Бейбитшилик, дом 25
тел:8(71332)73-4-90

«31»қаңтар 2025 жыл

№64

«31»января 2025 год

**Мектеп бітіруші сыныптардың қорытынды аттестаттау
және бітіруі туралы**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңына» және ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурызындағы №125 бұйрығының 3 тарау 36 тармағы негізінде 9 сыныптың білім алушылары үшін қорытынды бітіру емтихандарын алу үшін, 11 сыныптың білім алушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандарын алу үшін, осы заңның 35 тармағына сәйкес 5-8,10 сыныптардың білім алушылары үшін қазақ тілі пәні бойынша емтихан алу үшін төмендегідей құрамда комиссия құрылсын:

Комиссия төрағасы: Ж.Сундетов

Орынбасары: С.Дуйсегалиева

Мүшелері: математика пәнінің мұғалімі М.Әбдірзақ

Қазақ тілі пәнінің мұғалімі: А.Жумағалиева

Ата-аналар комитетінің төрайымы: А.Құлтемірова

2. Аталған бұйрықтың 80 тармағына сәйкес білім алушыларға, педагогтар мен ата-аналарға қорытынды аттестаттау өткізу мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды және тікелей бақылауға алуды оқу ісінің орынбасары С.Дуйсегалиеваға міндеттелсін.

Мектеп директоры:



Ж.Сундетов

АКТӨБЕ ОБЛЫСЫ
ОЙЫЛ АУДАНЫ
АКТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ



АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
УИЛСКИЙ РАЙОН
ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ УИЛСКОГО
РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

030900, Актөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, м/а «Көкжар» 56, тел: 2-17-32
030900, Актюбинская область, Уилский район, с. Уил, ул. Көкжар, дом 56, тел: 2-17-32
e-mail: uil_raion@mail.ru

2025 жылғы «01» сәуір
Ойыл с.

№ 449

«01» апрель 2025 года
с. Ойыл

Ойылаудынының білім бөлімі Ақтөбе облыстық Білім басқармасының 01.04.2025 жылғы №02-08/1068 хатының негізінде 2024-2025 оқу жылын аяқтау мәселелеріне қатысты төмендегіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Дін істері комитетінің ақпаратына сәйкес 2025 жылы 6 маусым ресми мереке – Құрбан айттың бірінші күні болып табылады. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 84-бабының 5-тармағына сәйкес бұл күн демалыс күні болып есептеледі.

Осыған байланысты емтихан күнін ауыстыру бойынша, сонымен қатар білім алушылардың консультациялар алуына қолайлы жағдайлар жасау мақсатында «Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 10 шілдедегі № 174 бұйрығына өзгерістер енгізілуде.

Қазіргі уақытта бұйрықтың жобасы «Ашық НҚА» интернет-порталында жарияланды.

Бұйрықтың жобасында қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілді:

9 (10)-сынып оқушылары үшін:

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 29 мамыр;

2) қазақ тілі/орыс тілі және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2025 жылғы 2 маусым;

3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2025 жылғы 5 маусым;

4) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 10 маусым;

11 (12)-сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2025 жылғы 30 мамыр;

2) математика және физика бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2025

жылғы 4 маусым;

3) қазақ тілі/орыс тілі бойынша және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 9 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2025 жылғы 12 маусым;

5) өзбек/ұйғыр/тәжік/орыс тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2025 жылғы 16 маусым.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде аталған бұйрыққа енгізілетін өзгерістерді назарға ала отырып, барлық білім беру ұйымдарының басшыларымен тиісті жұмыстарды жүргізуді сұраймыз.

Ақтөбе облысының білім басқармасы
Ойыл ауданының білім бөлімінің басшысы



Е.Бегалин